



Сыр бойы

№79 (20955) 27 мамыр, сейсенбі 2025 жыл

Қызылорда облыстық қоғамдық-саяси газет. 1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

 www.facebook.com/syrboyi.kz

 www.instagram.com/syrboyi_kz

 t.me/syrboyi_kz

 twitter.com/syrboyi

/// ПРЕЗИДЕНТ



МЕМЛЕКЕТТІК НАГРАДАЛАР ТАПСЫРДЫ

Қасым-Жомарт Тоқаев мемлекет және қоғам қайраткері Равиль Шырдабаевқа «Отан» орденін, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Серік Тоқпановқа І дәрежелі «Барыс» орденін салтанатты түрде табыстады.

Іс-шарала сөйлеген сөзінде Президент халқымыз Равиль Шырдабаевты егемендік жылдарынан бастап елдік істерге белсене қатысқан әрі мемлекеттігімізді нығайтуға зор үлес қосқан азамат деп айрықша құрметтейтінін айтты.

– Әсіресе, мұнай-газ саласын өркендетуге мол еңбек сіңірдіңіз. Сіздің бастамаңызбен бұл сала жаңа кезеңге қадам басты деуге болады. Министр, облыс әкімі, депутат ретінде ұлт мүддесіне адал қызмет еттіңіз. Дипломатия саласында жұмыс істеп, еліміздің халықаралық беделін нығайтуға атсалыстыңыз. Сондай-ақ сіз – мұнай өндірісіне арналған бірнеше ғылыми еңбектің авторысыз. Халқымыз «Еңбегімен ер сыйлы» деген. Сіздің ерен еңбегіңіз – өскелең буын үшін үлгі-өнеге, – деді Мемлекет басшысы.

Сонымен қатар Президент білікті дәрігер, «алтын қолды хирург» ретінде Серік Тоқпановтың саналы ғұмырын ұлт саулығы үшін еңбек етуге арнағанына тоқталды.

– Денсаулық сақтау жүйесінде елу жылдан астам уақыт бойы қызмет етіп келесіз. Дәрігер болу – мамандыққа адал болу деген сөз. Бұл – жүгі ауыр, күрделі жұмыс. Сіз еңбек жолыңызда аса күрделі оталар жасап, мыңдаған адамның өмірін сақтап қалдыңыз. Нағыз жанашыр дәрігер болдыңыз. Қазақстанның медицина ғылымын дамытуға орасан зор үлес қостыңыз. Сіздерге берілетін бүгінгі жоғары мемлекеттік марапат – ел игілігі үшін жасалған табанды еңбектің лайықты жемісі. Бұл – жұртымыздың шынайы ықыласы және зор алғысы, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Равиль Шырдабаев пен Серік Тоқпанов жоғары мемлекеттік марапаттарға лайық көргені үшін Президентке алғыс айтты.

МЕГАПОЛИСТІ ДАМУДЫҢ НЕГІЗГІ МІНДЕТТЕРІ АЙҚЫНДАЛДЫ

Мемлекет басшысы Алматы қаласының жаңадан тағайындалған әкімі Дархан Сатыбалдыны қабылдады.

Президентке қала әкімі алдағы жұмыстың басым бағыттары, соның ішінде әлеуметтік-экономикалық даму, қала экологиясын оналту және шаһар тұрғындарының тұрмыс сапасын арттыру жөніндегі жоспары туралы баяндады.

Қасым-Жомарт Тоқаев мегаполисті дамытудың негізгі міндеттерін айқындады. Атап айтқанда, тұрақты экономикалық өсімді қамтамасыз ету, экономиканы әртараптандыру, қаланың инфрақұрылымын кешенді түрде жаңғырту, сондай-ақ жол-көлік желісінің жағдайын жақсарту, экологиялық мәселелерді шешу сияқты бірқатар нақты тапсырма берді.

БАСПАСӨЗ – 2025

Құрметті оқырман!

2025 ЖЫЛДЫҢ ЕКІНШІ ЖАРТЫЖЫЛДЫҒЫНА «СЫР МЕДИА» ЖШС ГАЗЕТТЕРІНЕ ЖАЗЫЛУ ЖҮРГІЗІЛУДЕ

«Сыр бойы» газетіне жазылу бағасы жекелер үшін: 6 айға – 4000 теңге, мекемелер үшін: 6 айға – 5000 теңге

/// САПАР

ЖЕДЕЛ ШТАБ ОТЫРЫСЫНА ҚАТЫСТЫ

Кеше ҚР Ауыл шаруашылығы министрі Айдарбек Сапаров Арал ауданына жасаған жұмыс сапары кезінде осы ауданда қолға алынған ерекше қауіпті зиянкестерге қарсы химиялық өңдеу жұмыстарымен танысып, жедел штаб отырысына қатысты деп хабарлайды облыс әкімінің баспасөз қызметі.

«Қызылорда облысы бойынша 60 мың гектар аумақ зерттелді. Оның 18 мың гектарын химиялық өңдеу қажет. Қазіргі таңда 11 700 гектар жер өңделді. Бұл жұмыстың барынша тез аяқталуын және сапалы орындалуын жеке бақылауымда ұстаймын», – деді министр.

26 мамыр күнгі жағдай бойынша, облыста үйірлі шегірткеге қарсы күрес жүргізілуде. Зиянкестерге қарсы күреске 4 жеңіл ұшақ, 2 аса жеңіл ұшақ, 12 жерүсті агрегат, 5 дрон және 45 арқаға асылатын бүріккіш құрал қолданылуда. Өңдеуге жататын болжамды жалпы аумақ 60,024 мың гектарды құрайды.

Жоспарланған алаңдар бойынша жеткізуші ұйымдармен келісім-шарт жасалған.

Үйлестіру жұмыстарын жүргізу үшін облыс әкімінің орынбасары Бахыт Жаханов басқаратын жедел штаб құрылды. Мұндай штабтар барлық ауданда жұмыс істейді. Жергілікті жерлерде мониторинг пен бақылауға 279 маман тартылған. Бүгінгі күнге дейін 474,1 мың гектар жер зерттеліп, үйірлі шегірткенің дернәсілдері анықталды. Дегенмен, ауыл шаруашылығы дақылдарына зиян келгені тіркелген жок.

«СБ» ақпарат



/// АЙТЫС

«ҮШ ДӘУІРДІҢ АСТАНАСЫ – ҚЫЗЫЛОРДА»



Түп тарихында үш дәуірдің астанасы болған, одан бері көшегі ХХ ғасырдың басында Қазақ Автономиялы Кеңестік Социалистік Республикасының астанасы Ақмешітте өткен алқалы жиында бас қаланың аты Қызылорда болып өзгертілгені, сонымен қатар, Алаш зиялыларының бастамасымен ұлтымызға қазақ атауы қайтарылғанына биыл 100 жыл толып отыр. Ел танымында Сыр өлкесі осындай терең тарихымен ерекше.

Облыс әкімдігінің қолдауымен «Өнер орталығында» өткен «Үш дәуірдің астанасы – Қызылорда» атты республикалық акындар айтысына халық көп жиналды. Өңір халқының өнерге деген құрметі болар, мың орындық залға сыймай, тік тұрып тамашалағандар қаншама?! Жыр додасын Парламент Мәжілісінің депутаты, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, филология ғылымдарының докторы Аманжол Әлтай жүргізді. Айтыстың ашылу сәтінде облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев сөз сөйлеп, тарихы тереңнен бастау алған Сыр елінің бүгінгі даму қарқыны жайлы баяндады.

– Биыл – еліміз, өңіріміз үшін мерей-тойлар жылы! Қазақтың бас ақыны Абай Құнанбайұлының туғанына 180 жыл, Қызылорданың Қазақ елінің астанасы болғанына 100 жыл, Ұлы Женістің 80 жылдығы, «Байқоңыр» ғарыш айлағының ашылғанына 70 жыл, Қазақстан халқы Ассамблеясының 30 жылдығы кен көлемде аталып өтуде. Бұл мерейлі даталардың ұлт тарихында алар өзіндік орны мен маңызы зор. Сыр өңіріндегі айтулы шаралар мыңжылдық асыл мұрамыз – айтыспен басталуда. Мемлекет басшысы бірлік пен берекенің, өнер мен мәдениеттің құтты ұясы болған Сыр өңірін алтын бесікке теңеп, айрықша баға берген еді.

Өздеріңізге белгілі, «Бурабайда» өткен Ұлттық құрылтайда келесі 5-ші отырысты Сыр бойында, кезінде Қазақ елінің астанасы болған Қызылорда қаласында өткізуді ұсынды. Алқалы жиында қабылданған тарихи шешім аймақ жұртшылығының мерейін асқақтатты.

2-бет

/// ТАБИҒАТ-ТӘҢІР

ЖҰМБАҚ МЕКЕННІҢ АҢ-ҚҰСТАР ӘЛЕМІ

«Барсакелмес» туралы аңыз аз емес. Соның бірі былай. Осы маңайды мекен еткен тайпалар арасында жаугершілікке тыйым болмай тұрған заман екен. Ләтпай есімді кісі бастаған ру адамдары содан шаршап, тыныштықты аңсап алыс жерге кетпек болады. Білетіндердің айтуымен олар теңіздің қас ортасындағы суы тұщы, шалғыны шүйгін, балығы мол, алуан түрлі аң-құсы бар, сексеуіл қалың аралға мұз қатқанда күзер жасап, соның үстімен жетіп алғысы келеді. Ақ жартас түбін паналап, шолпанның тууын күтіп отырғанда от жағып, соған жылынады. Сол кезде оттың маңайына жыртық шапан, тесік тымақ киген ақсақал келіп, Ләтпайға қарап: «Ол аралдан қорықпаңдар, онда зұлымдық жоқ, қасқыр жоқ, адамдар жоқ. Табиғатты сактасандар, бақытты да ұзақ өмір сүресіндер. Ұрпақтарың ештеңеден зәрулік көрмейді. Мыңғырған мал болады. Аң-құсты өлтірмендер. Аққуларға тиімендер» депті. Осыны айтқан бойда қария ғайып болады. Ләтпай оның Қыдыр екенін іштей сезеді. Төбеден шолпан көрінген сәтте ру адамдары мұзды көпір – күздің үстімен тізбектеліп жүріп өтіп, аралдың қойнауына жетеді. Ләтпайдың жұрты қысты осы жерде жақсы өткізіп, көктемге қарай тойына бастайды екен. Қыдыр атаның айтқаны айдай келіп, көп ұзамай байи бастайды. Алайда арада көп уақыт өткесін ру адамдары баяғы қарияның айтқанын ұмытып, сексеуілді отап, аң-құсты қырып, аққуға ауыз сала бастайды. Ақыры бір түнде маңайды түгел ордалы жылан жалмап тынады. Аңызға сенсек, сол қырғыннан сегіз жастағы бала ғана аман қалыпты.

4-бет



Валюта бағамы: \$ 510,84 kzt € 579,70 kzt ₸ 6,39 kzt

Ауа райы: Сейсенбі ☀️ +27° 🌙 +15° Сәрсенбі ☀️ +28° 🌙 +17°

Өңірлік дамудың өзекті мәселелері



ҚР Президенті Өкімшілігінің басшысы Айбек Дәдебайдың төрағалығымен өңірлердің әлеуметтік-экономикалық дамуы, инвестициялық жобаларды іске асыру мәселелері талқыланған мәжіліс өтіп, оған облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев селекторлық режим арқылы қатысты. Басқосудан кейін аймақ басшысының төрағалығымен өткен мәжілісте жауапты сала басшыларына тапсырмалар жүктелді.

– Жеке инвестиция көлемін ұлғайтуда ірі жобаларды іске асыру үшін бюджеттен тыс көздерден инвестиция

тартуды күшейтіңіздер. Мұнай өндіру саласындағы жағдай күрделі. Дегенмен, өсімнің қосымша көздерін

іздестіру қажет. Мұнай-газдан басқа әлеуеті жоғары салаларды айқындап, инвестиция тарту, жұмыс орындарын

ашу, табыс көзін арттыру шараларын ұйымдастырыңыздар.

Әр жобаны жеке бақылауға алып, туындаған мәселелерін қолданыстағы заңнама аясында шешу керек. Іске асырылу сатысындағы жобаны «қолмен басқаруға» алыңыздар. Басталған жобаларды аяғына дейін жеткізу, жаңаларының құрылысын бастау, проблемалық мәселелерін шешу, мемлекеттік қолдау шараларын көрсету арқылы өңірде кәсіпкерлікті дамытып, инвестиция көрсеткішінің жоспарын орындауымыз қажет.

Цифрлық платформаға енгізілген жобалардың Жол картасына сәйкес жұмыстардың мерзімінде орындалуын қатаң бақылауға алуды тапсырамын.

Оған «Қазакинвест» акционерлік қоғамының өңірлік филиалы, «Атамекен» өңірлік кәсіпкерлік палатасы белсенді қатысуы талап етіледі. Инвестиция тарту индикаторының толық орындалуын қамтамасыз етіңіздер, – деді облыс әкімі.

Айта кету керек, 2025 жылдың 4 айында аймақтың әлеуметтік-экономикалық дамуында өсім қалыптасты. Өнеркәсіп өндірісі 2,3 пайыз, өңдеу өнеркәсібі 23,6 пайыз, ауыл шаруашылығының жалпы өнімі 2,3 пайыз, тартылған инвестициялар 15,3 пайыз, пайдалануға берілген тұрғын үйлер 3,4 пайыз, құрылыс жұмыстары 65,5 пайыз артты. Нәтижесінде қысқа мерзімді экономикалық көрсеткіш 105,5 пайыз болды.

Аудан жаңалықтары



ТАЗАЛЫҚ ЖҰМЫСТАРЫ ЖАЛҒАСУДА

«Таза Қазақстан» экологиялық акциясы аясында қаланың әр аумағында санитарлық тазалық, абаттандыру жұмыстары жүргізілді.

Оған 124 мекемеден 1910 адам атсалысты. Сквер-аллеялар, көпқабатты тұрғын үй алаулары, әлеуметтік және кәсіпкерлік нысандардың аумағы мен көшелердің бойы тазартылып, қоқыс шығарылды. Оған 41 техника жұмылдырылды.

ТҰРҒЫНДАРМЕН КЕЗДЕСТІ

Аудан әкімі Аманжол Оңғарбаев Аманөткел ауылдық округінде болып, жергілікті халықпен кездесті. Алдымен «Ауыл – ел бесігі» бағдарламасы шеңберінде жанадан бой көтеріп жатқан ауылдық мәдениет үйінің құрылыс жұмыстарын көрді.

Құны 611 млн теңгені құрайтын 150 орындық нысанды «Жабдықтау» ЖШС салуда. Мәдениет ошағы жыл соңына дейін ел игілігіне табысталады.

Кездесуде аудан әкімі өңірде атқарылған жұмыстарды баяндап, халықтың әл-ауқатын арттыру бағытында жасалып жатқан нақты істерге тоқталды. Сондай-ақ ауысу, жол, газ тарту, денсаулық сақтау және білім беру салаларындағы кешенді жұмыстарды да атап өтті.

БАЛА ТӘРБИЕСІ – ОТБАСЫ ҚҰНДЫЛЫҒЫ

Р.Бағланова атындағы аудандық мәдениет орталығында «Тәрбиелі, білімді ұрпақ – жарқын болашақ» атты тақырыппен өткен жиынға аудан әкімі Мейрамбек Шермағанбет төрағалық етті. Онда білім саласындағы өзекті мәселелер мен жасөспірімдер арасында құқықбұзушылық пен қылмыстың алдын алуға бағытталған жұмыстарға тоқталды.

– Қай заманда, қай қоғамда болсын, бала тәрбиесі отбасындағы негізгі құндылық болып саналған. Әрине, баланы ортаға бейімдеу, тәлім-тәрбие беруде мектептің рөлі үлкен. Алайда бүгінгі қоғамда мектеп – бала – ата-ана үштігі үйлесімді, тығыз жұмыс жасап, әр баланың тәрбиесімен тікелей айналысуы керек. Сонымен қатар бүгінгі қоғамда бала тәрбиесінде ата-ананың да жауапкершілігін күшейту керек, – деді аудан әкімі.

Кенейтілген мәжілісте аудандық білім бөлімінің басшысы Әділхан Жөлекешов, аудандық полиция бөлімінің бастығы Асылбай Ансатов баяндама жасады.

«ӨРТ –2025» ОҚУ-ЖАТТЫҒУЫ ӨТТІ

Аудан әкімінің орынбасары Айдын Өнауар орман-дала өртінің алдын алу және жою бойынша өткізілген республикалық командалық-штабтық оқу-жаттығуға қатысты.

Кармакшы аудандық төтенше жағдайлар бөлімі ұйымдастырған шараға аудан әкімдігі, орман және жануарлар дүниесін қорғау мекемесі, №10 өрт сөндіру бөлімі, полиция бөлімі, жедел жәрдем қызметі, сондай-ақ, ауылдық округтердегі ерікті өрт жасақшылары жұмылдырылды.

Аудан әкімінің орынбасары оқу-жаттығудың өткізілу барысын арнайы барып көріп, өрт оқиғасы орын алған кезде оны жоюға жұмылдырылатын азаматтық қорғау қызметтері мен құрылымдардың әзірлігін тексерді.

ЖАЗҒЫ ДЕМАЛЫСҚА ДАЙЫНДЫҚ ПЫСЫҚТАЛДЫ

Аудан әкімі Ардақ Ибраимовтың төрағалығымен өткен мәжілісте оқу жылының аяқталуы, оқушылардың жазғы демалысын тиімді ұйымдастыру және олардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелері қаралды.

– Өрбір бала демалыс уақытын тиімді әрі қауіпсіз өткізуі тиіс. Сол үшін барлық жауапты сала басшылары берілген тапсырмаларға сәйкес нақты жұмыс атқаруы керек, – деді А. Ибраимов. Мәжілісте «Ақтөре» сауықтыру лагерінің аумағында шыбын-шіркей және зиянкестерге қарсы заласыздандыру жұмыстарын жүргізу, тәрбие мен қауіпсіздік мәселелеріне ерекше назар аудару, барлық үйірме мен спорттық секцияның тұрақты жұмысын қамтамасыз ету, сондай-ақ тарихи-мәдени орындарға экскурсия ұйымдастыру тапсырылды.

РЕЙД ЖҮРГІЗІЛДІ

Аудан көлемінде көмелетке толмағандар арасындағы құқық-бұзушылықтың алдын алу және қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында рейд жүргізілді.

Профилактикалық шараға аудандық полиция бөлімінің қызметкерлерімен бірге білім беру ұйымдарының өкілдері атсалысты. Іс-шара барысында түнгі уақытта ойын-сауық орындары, саябақтар мен қоғамдық демалыс аймақтары тексерілді. Сонымен қатар, ата-аналар мен жасөспірімдерге құқықбұзушылықтың алдын алу бойынша түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

ЕРКІН ФОРМАТТАҒЫ КЕЗДЕСУ

Аудан әкімі Айтбай Жандарбеков тұрғындармен еркін форматта кездесу өткізді.

Онда аяқсу, көше жарығы, көшелерге күрделі жөндеу жұмыстарының қажеттігі жайлы, кейбір шағын аудандарға қосымша балалар спорт кешеніне, кей мектептерге бала санының көбеюіне байланысты қосымша ғимарат салу және тағы да басқа әлеуметтік мәселелер туралы ұсыныс-пікірлер айтылды. Тұрғындар көтерген мәселелер назарға алынып, тиісті бөлім басшыларына нақты тапсырмалар берілді.

СПОРТ КЕШЕНІНІҢ ҚҰРЫЛЫСЫ ҚАРҚЫНДЫ

Аудан әкімі Мажит Самитов «Келінтөбе» ауылдық округінде салынып жатқан спорт кешеніне барды. Нысанның құрылысы «Ауыл – ел бесігі» мемлекеттік бағдарламасы аясында жүзеге асырылуда.

«Алтын Айдарлы» ЖШС кешеннің сыртқы панельдерін монтаждап, қабырғаларын қалауда. Спорт кешені биыл қазан айында пайдалануға беріледі деп жоспарланған.

Дайындаған
Айсәуле ҚАРАПАЕВА
«Сыр бойы»

МӘЖІЛІС

СПОРТ: ҚЫЗЫЛОРДАНЫҢ ҚАРЫМЫ


Кеше ҚР Президенті Өкімшілігінің басшысы Айбек Дәдебайдың төрағалығымен футбол клубтарын коммерцияландыру мәселелері талқыланған мәжіліс өтті.

Мемлекет басшысы «Бұрабайда» өткен Ұлттық құрылтай отырысында елімізде футболды дамытуға қатысты нақты тапсырма берді.

Қазіргі таңда Сыр өңірінде тапсырмаға сәйкес тиісті жұмыс жүргізілуде. Атап айтқанда, биыл елімізде алғашқы болып «Қайсар» футбол клубы легионерсіз, жергілікті және отандық футболшылармен жана маусымды бастады. Клубта 600-ге жуық спортшы бар, жергілікті бюджеттен қаржыландырылуда.

Бұдан бөлек, аймақта спорт саласында ауқымды жобалар жүзеге асуда. Халықаралық стандарттарға сәйкес келетін 11 мың орындық «Орталық стадион» салынууда. Нысан жанында ел игілігіне табысталады.

Өткен жылы қазан айында Қызылорда қаласында «Үстел теннисі» орталығы пайдалануға берілді. «Қызылорда Арена», денешынықтыру-сауықтыру кешендерінің құрылыстары жүргізілуде. Сонғы үш жылда облыста 19 спорт кешені салынып, іске қосылған.



КЕҢЕС

«АУЫЛ АМАНАТЫ»: ӨҢІРДЕГІ ЖОБАЛАРДЫҢ ОҢ НӘТИЖЕСІ

Премьер-министрдің орынбасары Қанат Бозымбаев Жамбыл облысына жұмыс сапарымен келіп, Жамбыл, Түркістан, Қызылорда облыстары мен Шымкент қаласының әлеуметтік-экономикалық дамуына және «Ауыл аманаты» жобасының іске асырылу барысына арналған кеңес өткізді. Жиында облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев атқарылған жұмыстарды баяндады.

– Президентіміздің бастамасымен ауыл халқының әл-ауқатын арттыруға бағытталған «Ауыл аманаты» жобасы облыста оң нәтиже беріп келеді. Бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі аясында агробизнес өкілдері ауқымды жұмыстар атқаруда. Бұл орайда өңіріміздегі «Абай-Дәулет» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің жаңашыл бастамасын, нәтижелі жұмысын ерекше атап өту қажет. Қазіргі таңда серіктестіктің оң тәжірибесін кеңінен таратуда, облыстың барлық ауылында жаңа өндіріс және сауда нысандарын ашуда белсенді жұмыс бар.

Жоба шеңберінде 1000 шаршы метрден асатын ғимаратта жалпы құны 318,2 млн теңгені құрайтын 13 жоба іске қосылып, 25 жұмыс орны ашылды.

Осы тәжірибені кеңінен таратып, облыс бойынша 14 шағын орталық құру жоспарланған, 434,9 млн теңгеге 70 жобаны іске асыру көзделуде, – деді Нұрлыбек Машбекұлы.

Айта кету керек, аймақта 447 мың тұрғын, яғни халықтың 53 пайызы ауылдық жерде тұрады. Осыны ескеріп, ауылдық аумақтарды дамытуға бағытталған кешенді жобалар қолға алынған.

2023 жылы 406 жоба, ал 2024 жылы 375 жоба қаржыландырылып, жалпы екі жыл ішінде 1 110 жаңа жұмыс орны ашылды. Шағын кәсіпкерлік субъектілерінің саны 275-ке артты. Сонымен қатар, 50 өндірістік кооператив құрылып, өңдеу өнеркәсібі бағытында 158 жаңа кәсіпорын іске қосылды. Ауыл шаруашылығы саласында 56 жылыжай өндірісі ашылды, 2 676 бас асылтұқымды мал сатып алынды.

Мал шаруашылығын дамытуда шағын несиелерді асылтұқымды төрт түлік мал сатып алуға бағыттау ұтымды шешім болды. Нәтижесінде шағын несиелердің 27 пайызы осы салаға бағытталды.

«ҮШ ДӘУІРДІҢ АСТАНАСЫ – ҚЫЗЫЛОРДА»

Президентіміз халқымыздың «қазақ» деген байырғы атауы қайтарылған, тарихи әділдік орнаған Қызылордадағы маңызды оқиғалар ел жадында сақталуға тиіс екенін атап өтті. Бұл – біз үшін зор мәртебе, Президентіміздің өңірімізде атқарылған жұмыстарға берген он бағасы деп білеміз.

Сыр топырағынан түлеген ақындарымыз айтты өнерін дамытуға үлкен үлес қосуда. Өйткені, айтты – мәңгілік киелі мұрамыз! Бүгінгі сөз додасына келген жүйріктерге ел рухын асқақтатудағы елеулі еңбектері үшін алғыс айтамын, – деді Нұрлыбек Машбекұлы.

Айттыс алаңында еліміздің әр аймағынан жиналған 12 ақын бақ сынасып, Тұранның төрі – Сыр елінің сан тараулы тарихын жырға қосты. Сөз сайысының шарты бойынша әрбір жұп ақынға арнайы тақырып беріліп, ақындар сол мазмұнда жырлауы талап етілді. Алғашқы болып «Алтын домбыра» иегерлері, жерлесіміз Мейірбек Сұлтанхан мен Абай облысының ақыны Рүстем Қайыртаулы айттысып, негізгі тақырыпты тарката келіп, елден шыққан еңбек майталмандарын жырға арқау етті. Сөз сайысында Рүстем ақын Сырдан шыққан Еңбек Ерлерін атап өтіп, олардың кетпен-күрегіне ескерткіш қойса, артық емес дегенді ой қозғаған еді. Сондағы Мейірбектің:

Жеке-жеке ескерткіш қоятындай, Мұнда туған қазақтың текті бөрі. Сен айтқан тұлғалардың әр ауданда, Мұзейі бар, қонақтар бет бұрады. Өйткені біз еліміз ғой, еңбексүйгіш, Тер төккенде тарқайтын тек құмары. Бос жатқан жерді көрсек, мүсін емес, Дән сеуіп тастағымыз кеп тұрады, – деген жауабы өте ұтымды болды.

1-бет



Айтыста Жансая Мусина мен Мақсат Ахановтың сөз сайысы әдеттегідей, әзіл-қалжыңның көрігін қыздырып, көрерменге керемет көңіл-күй сыйлады. Әсіресе, өздеріне берілген тақырып бойынша Шәмші шығармашылығын терең тарқатып, әндерін жан-жақты шолу жасағандары әсерлі болды. Сонымен қатар, «Жастар» тақырыбын жырлаған жас ақындар, актöбелік Нұрбол Жауынбаев пен түркістандық Нұрмахан Жақыпбеков те келешегінен көп үміт күттіретін айттыскерлер екенін байқатты.

Түркістан облысынан Бекарыс Шойбек, павлодарлық Аспанбек Шүгатаев, қарағандылық Дидар Камиев сынды айттыстың алдыңғы көшінде жүрген ақындар көрерменді келелі ой, келісті сөз саптауларымен тәнті етті.

Үш дүркін «Алтын домбыра» иегері

Мұхтар Ниязов пен астаналық Сара Тоқтамсынова айттысына қазылар алқасы бас жүлдеге лайық деп баға берді. Сара Тоқтамсынова өз кезегінде Сыр еліндегі серіпінді жұмыстарды арқау етіп:

Қызылорда шаһарын гүлдендіріп, «Бюджет бермей жатыр»

деп бұлқынбаған. Өйтпесе әкім біткен толып жатыр, Құлқын үшін қазынадан күрт ұрлаған. Жүз жылдығын тойлаған Сырдың елі, Бір күндігін ойлаған ұл тумаған, – деп толғаса, Мұхтар Ниязовтың:

Кемел ой айтпасам да пайғамбарша, Кетпеспін өз бетінше жайған малша. Ешкінің асығындай балаларың, Ешкімге есе бермес айбарланса. Ақынның боп кіремін айттыс болса, Батырың боп кіремін майдан болса.

Ғазиза ӘБІЛДА,
«Сыр бойы»



/// ТЕАТР – 70

Менің театрым

Андрей Александрович кең пейілді, жаны да, рухы да таза, шығармашылық еңбекке шын берілген суреткер еді. Ол кісі бізге режиссура пәні бойынша апта сайын үш рет лекция оқытын. Сабақ үстінде ол өзі ғана сөйлеп қоймай, әңгімеге бізді де тартып, көп дәрісін пікір алмасу түрінде өткізетін. Р.Ролланның «Қасқырлар» пьесасын оқу құралы ретінде алып, сабақ үстінде кейіпкерге айналып, оны өзіміз ойнап, оқиға желісін іс үстінде айқындап, әрекеттік жүйесін сахналық қимыл үстінде тауып, ол кісіні тыңдап қана қоймай, режиссер тәсілін оның артисі болып та үйрендік. Ұстазымыз асқан жомарттық пейілмен өзінің көкейінде жүрген ойларын, қиялында орын тепкен армандарын, біздің өмірімізге, өнерімізге жақетті нақты ұсыныстары мен режиссерлік тәсілдің сан қырын санамызға сіңіре түсті.

Үлкен артистермен жүргізілген репетиция барысында ол көрермен залында отырған бізді ұмытпайтын. Артистерге арналған ескерткіштер, ми-заципсаны қайта тазалау кезіндегі оның жұмыс істеу тәсілі, іс-хәрекет пен сол әрекет жүйесінен туындап жатқан сөзді жеткізу әдістері – қойшы әйтеуір өзінің жұмыс процесіндегі көптеген айла-әдісін мастер жариялы түрде жасап, міне осылай істендер дегендей екініші планда бізге де арналатын. Ша-кірттерінен қамқорлығын аямайтын, ақ жүректі жан еді.

Қамқорлық демекші. Алғашқы қамқорлықты Райымбек Сейтметов ағамнан көрдім. Рекең хат арқылы оқуға түсудің барлық жолын түсіндіріп, мені бағыттаған болатын. Рекеннің ақылмен Қазақ ССР Мәдениет министрлігіне театр директоры Сактаған Тұрлымұратов екеуіміз барып, содан осы оқуға көл жеткіздім. Мәдениет министрлігінің рұқсатымен Сәкен маған жарты айлығымыз төлеп тұрды. Бұдан артық қамқорлық бола ма? Мәскеуден Сөкене жазған хатым: «Қадірлі, Сәке! Саламатсыз ба? Москавда отырып қазақша сәлем хат жазудың өзі де бір ғанибет екен. Аман-есен орналастың. Бір бөлмеде бес адам жатамыз. Орталық тереземізденКремль көрініп тұрады. Менің мұғалімім Г.Иончаров Андрей Александрович деген кісі. Маяковский театрының бас режиссері, РСФСР-дің Халық артисі. Маман Байсеркенов жақсы режиссер деп отырды ғой. Өзім А.Варпаховскийге барғым келіп еді, ұстаз ретінде қайсысы мықты екенін біле береміз бе, бізге үйренсек, тәлім алсақ, бір нәрсе тоқысақ болды да.

Осының бәрине сіз де «жнәлісіз» Сәке! Рахмет! Қалтаңыздан жырып бермегеніңізбен (Сәке бұл ағаттығымды көңіліңізге алмаңыз, тек теңеу ретінде жазып отырмын) туган ағаның қолынан ғана келетін жақсылықтар істедіңіз маған. Қамқорлық жасап, үлкен басыңызбен режиссурада тәй-тәй басқан қадамыңыз қуаттап, оқу жолына өз қолыңызбен аттандырыңыз. Өз басыңызды қатерге тосып, жаздай мені толық айлықпен сайраңдатып қойдыңыз. Мұндай жақсылық екінің бірінің қолынан келе бермейді. Сондықтан да менің сізге алғыстан басқа айтар бірауыз сөзім жоқ. Тағы да үлкен рахмет, Сәке! Мен оқуға түскендегі «абырой болды-ау» деп қайта-қайта қайталап, сіздің мен үшін қуанғаныңыз қанша күш бітіргенін білсеңіз. Ал сіздің: «стипендия бермесе оны да көрерміз. Бір шаруасын қылармыз. Тірі жанбыз ғой» деген сөздеріңізді тек аға ғана айта алады. Сіздің сөзіңізден шығып, тілегіңізді ақтаған іні бола алсам, өзімді мықты жігіттердің бірі деп білер едім. Міне Қызылордаға барғанда көзбе-көз айта алмай, бірақ көңіл түкпірінде өзіңізге арналған ыстық лебізім.

Сау-сәлемет болыңыз! Көріскеніңе күн жақсы. Сұрағандарға менен сәлем айтыңыз. Ініңіз Хүсейін. Москва. 12 сентябрь 1972 жыл».

1972 жылдың ақпан айында ма екен, бірге жатқан достарыма сюрприз жасамақшы болып, Әлияға айттым сен бір қаз әкеліп, ауылдан әкелген сүр етің бар, бір ет асың дегем. Ол курсымен Мәскеуге он күнге келген екен, жігіттердің айтуымен біз КСРО

Мәдениет министрлігінің дачасы бар екен, қыста бос болатын, сәл қашықтау, бірақ троллейбус жүреді сонда тұрып жатқанбыз. Демалыс күні ол ас дайындасын, Литва жактан кластасым әрі күйеу балам Марат Салтапов келеді екен, ол қосылды, жігіттер жиналды. Етті табаққа салып алдарына қойғанда

Ләззаттың тау қойнауында Ниязбен кездесіп, жатақханаға кештетіп келетін сахнасы.

Оқиға: Студенттердің түнгі жортуылы.

Ләззаттың іс-хәрекеті – жортуылдың адресін білдірмеу. Бірақ Салиха екеуінің арасындағы осы әрекетті орындау ба-

рысында Ләззаттың Ниязға ғашық болып қалғаны белгілі болады. Одан кейін түнгі жортуылдан Бағила келеді. Оның әрекеті – ауыл жігіті Нарқоспақты қармаққа ілу.

– Гүлжанна сенің әрекетің қандай? – Мен ресторанның келдім, көңілім көтеріңкі.

– Көңіл көтеріңкі деген ол сезім, әрекет емес, актер сахнада сезімді ойнай алмайды, әрекет арқылы сезімге келу керек.

– Бағиланың әрекеті мақтану шығар, ресторанның бардым деп.

– Бұл да сезім емес пе? Сахнада қанша мақтануға болады?

– Әңгімеге Жібек араласты: – Ол ресторанның есеп-қағаз, меню әкеліп көрсететін шығар.

– Бұл – іс-хәрекетке жақын қимыл, соған баратын жол. Ал негізінде Бағиланың әрекеті – Нарқоспақты қармаққа ілу ғой, солай емес пе? Гүлжан, мен саған осы әрекетті жаса десем, сен сахнаға шығып сол әрекетті жасаудың жолына кіріспейсің бе?

Міне осылайша, бүкіл пьесаны бұрыңғыдай не мақсатпен жүргеніне емес, кейіпкер не істейді, әрекеті қандай деген жүйеде талдап шықтық. Әрине, менен де қателіктер өтіп жатты. Бірақ басты мақсат – қалайда әрекеттік жүйені табу. Енді осы әрекетті орындауға келгенде, тағы да конфликт.

– Біз сезімді білмейміз ғой... – Өз сөздеріңізбен айтыңыздар. – Сонда қалай?

Енді әрекеттік жүйе емес, Мария Эсиповна Кнебельдің айтақынмен Эпитодик методпен жұмыс істеуге тура келді. Иә, артистерді өзінің қалыптасқан жүйесінен бөлек, басқа бағытта жұмыс істеу тәсілін ұсыну біздің ұжым үшін революциялық жағдаймен тең болды. Ақыры бұрынғы тәсілді де ұмытпай, этюд жасай отырып, қайтадан стол ба-сына оқу тәсілін қоса жүргізіп, біз спектакльдің табиғатына ене түстік.

Жұмаш Әбіров қойылымның ойын нақтылай түсетін және біздің сахнадағы лайықты шешім ұсынды. Сахнада күштің бір жақ қанатын айқындайтындай эпикак ак станок. Керек кезінде қанаттарының арасына жеңіл ширмалар енгізіп, жатақхана, Бағиланың үйін, Ләззаттың кабинетін жасауға болады. Бұл станок Ләззаттың ақын болып қалыптасатын жолын көрсетуге мүмкіндік берсе, сахнаның төріндегі сахнаның бітіктігіңді шайқалып тұратын үш тал кызғалдақ махаббат символындай әсер етуді.

Осылайша артистермен таласа, айтыса жүріп, репетиция жасаудың жаңа методикасын енгізу театрдың шығармашылық болашағының көзі екенін түсінгендеймін. Театр жана бөлеске ұмтылу үшін ол өзінің уақытқа сай шығармашылық технологиясын да жаңа қалыппа бағыттай түлу керек... Қиын болары анық, ал мен режиссура оңай тірлік деп келдім бе бұл жолға? Не де болса қазір де, болашақта да әрбір көр-машының сайын осы әрекеттік жүйені іс-тәжірибе жүйінде меңгеру ендігі менің басты мақсатым болмақ.

Спектакльді қабылдауға Мәскеуден Жоғары режиссерлер курсының ди-ректоры Жигалин Лев Николаевич арнайы келіп, бір аптадай бізбен бірге болды. Артистер бірден жиналып, бұрынғы сылбыр-салақтықты қойып, ре-петицияға жұмыла кірісті. Жигалин: «Маған сенің репетиция жасаған мә-нерін ұнайды. Тізгінді қолыңнан шы-ғармай, артистерге қатты қысым жаса-май-ақ, өз дегеніңе көндіріп жатасың. Дұрыс. Дегенмен кейде режиссердің артиске мінез көрсетіп қоюы да теріс болмайды».

Әдетте премьераның алдында спек-такльді қабылдауға арналған тұсаукесер рәсімі өтеді. Сырттан келген, арнайы шақырылған кісілер қойылымныңді жі-ліктен, кемшілігін шағып, жаңқа-жаңқа қылып қолыңа ұстатады.

Хүсейін ӘМІР-ТЕМІР,
Қазақстанның
енбек сіңірген қайраткері,
«Құрмет» орденінің иегері,
Қызылорда облысының құрметті
азаматы
(Жалғасы бар. Басы өткен санда)

Адам өмірінде белгіленген мәлішер де, қалыптасқан заң да жоқ. Өзіне арналған ескерткіш тұғырмен бүкіл саналы өмірмен, ұлан-ғайыр еңбегімен сол тұғыр тұсындағы аспан биігінен мәңгі өшпес жұлдыздай болып жарқырап тұратын жандар.

Шыңғыс Айтматов

Арғы тарихты айтапғанның өзіне-де өткен ғасырдың екінші жарты-жылдығындағы оқиғаларды сарапқа салсақ, небір өтпелі кезеңдер болған екен. Уақыттың, заманның қиынды-ғынан шығу, жана белестерді алуға біз ел рухын көтеріп, қозғатушы күш болған қайраткерлерді ғана танимыз. Олардың іс-әрекетін тарихи оқиға-лармен, сол кездің саяси ағымын, қо-ғамдық ойдың бағытын байланысты-рамыз. Тарих дөңгелегін санаулы



ЖҰЛДЫЗДАЙ ЖАРҚЫРАҒАН ЖАНДАР

адам айналыра алмайды, тіпті сол тарихты жасайтын да жекелеген тұлға емес, халық. Бірақ көп адам көзге түсе бермейді. Біз бүгін Сыр еліне еңбегі сіңген абзал азамат Шаймағамбет Кө-шенов пен оның зайыбы Сәлима Ба-зарбайқызы Ибрагимовна жайлы әңгі-мелемекпіз.

Бұл өмірде бәріміз де бағынатын сөзсіз орындалатын бір шарт бар, ол – жазмыш. Тағдырдың тылымына да осында. Әңгімеіміздің кейіпкері Шай-мағамбет Көшенұлы 2010 жылы 66 жа-сында қайтыс болса, зайыбы Сәлима осыдан 5 жыл бұрын өмірден озды. Ерлі-зайыптылардың қоғамдағы орны елге жасаған еңбегімен өлшенеді.

Сыр өңіріндегі жер қыртысын зерттеу, жерге орналастыру саласы-ның алғашқы маманы, ауыл шаруа-шылығының дамуына орасан зор үлес қосқан азамат Шаймағамбет Кө-шенов 1944 жылдың қыркүйек айында Теренөзек кентінде дүниеге кел-ген. Әкесі Көшеннің 4 ұлы бар болса, соның кенжесі Шаймағамбет еді. Орта мектепті 1961 жылы бітіріп, еңбек жолын Теренөзектегі Жалпықұрылыс учаскесінде жұмысшы болып бастады. 1963 жылы Қазақ ауылшаруашылық институтына түсіп, 1968 жылы агро-химия және топырақтану мамандығы бойынша бітіріп шықты. Осы жылғы «Қазгирозем» институтының Қы-зылорда экспедициясына жұмысқа алынып, зейнетке шыққанына, тіпті одан кейін де осы жерде табан аудар-май қызмет етті. Өуелі топырақта-нушы, аға инженер, бөлім бастығы, директордың орынбасары қызметін абыроймен атқарды. Қызмет барысын-да Қызылорда облысында Шайкеннің бармаған жері қалмаған. Аймақтың түкпір-түкпірінде топырақ үлгілерін алып, зерттеп, ғылыми жұмыстарға негіз қалады. Ол басылық қызметте отырмын демеі жердің шетінде, жел-дің өтінде жерді қызметестеріне же-кетішкілі етті.

Сол шегініс жасасак топырақ зерт-теу экспедициясының жас маманы үлкен өмір жолындағы алғашқы қа-дамын күрші шаруашылығымыз айна-лысында колхоздар мен совхоздардың топырақ қатпарларын жасаудан бастай-ды. Бұл – сирек кездесетін мамандық және соны жұмыс. Бір мемлекеттің тер-риториясын алып жатқан Қызылорда облысының түкпір-түкпірінде болып, жер қыртысының бірнеше бөлігінен топырақ алып, оның құрамын зерттеу, сол арқылы құнарлылығын анықтау, келешекте жасалатын жұмыстарға ғы-лыми негіздеме жасау он-оңай шаруа емес еді. Наурыздан бастап қарашаның алғашқы қарына дейін елдің шетінде, желдің өтінде жүрудің өзі не тұрады! Бірақ маңыздысы бұл емес, оның жасаған ісі. Зерт, көргенін көңіліне тоқи білетін табиғатынан ба, қазіргідей озық технология жоқ кездің өзінде қарта және компаниямен бағдарлап, баратын жерін дәл тауып, ірбейіп, жалықпайтын мінезіннің арқасында ағамыз өлкенің топырақ қартасын жасап шықты. Тауды нәтижелерін алу үшін 90-жылдардың ортасына дейін зертханалық материалдар Шым-кентке жіберілетін. Қайта құрудың басталуымен экономикалық есеп өндіріс процесіне кенінен енгізіле бастады, қоспорындардың эконо-микалық тәуелсіздігі елауыр кенейді. Сол сәтте Қызылорда филиалына То-пырақтану және агрохимия зертха-насы қажет екенін Шаймағамбет Кө-шеновтен артық ешкім жақсы білмеді және бүгінгі күнге дейін біздің облы-сымыздағы итілігі үшін жұмыс істейтін зертхананы сақтап алуға ақыл етті. Содан бері топырақты зерттеу бойын-ша барлық зертханалық зерттеулер осы зертханада жүргізілуде.

Бірге қызмет ететін әріптестері оның жеткен табысқа тоқмелісімей-тінін, білгенімен шектеліп қалмай, үнемі ізденетінін айтты. Шайма-ғамбет Көшенов 1974 жылы Мәскеу қаласында топырақтанушылардың X халықаралық конференциясына қатысып, орталықтағы және басқа елдерден келген ғалымдармен тәжі-рибе алмасып қайтты. Осы сапар-да ауыл шаруашылығының бүкіл-о-дақтық академиясында, В.Докучаев атындағы топырақтану институтын-да, топырақтанушылардың бүкіл-

одақтық қоғамында болып, білімі мен тәжірибесін арттыра түседі. Бұл бұрынғы Кеңес Одағының топырақ-тануда ФАО ЮНЕСКО-ның бағдар-ламасына қосыла бастаған шағы еді. Дүниежүзі ғалымдарының алдында жерден алынатын биологиялық өнім-ді екі, үш есе көбейту, сөйте тұра топырақтың сапасын сақтап қалу міндеті тұрды. Осы конференцияда топырақтану, агрохимия, мелиора-цияның күрделі мәселелері жайлы ондаған баяндамалар жасалып, Шай-мағамбет елге жан дүниесі байып қайтты.

Ол мекеме директорының орын-басары бола жүріп те топырақтану бөліміне өзі жетекшілік етеді. Дала-лықтағы зерттеу жұмыстарына ба-рып, зерттелетін жер учаскесін бөліп алып, топырақ анализіне қатысты жұмыстарды жүргізеді. Осы 40 жыл ішінде Сыр бойының топырақ құнар-лығы, оның физикалық қасиеттері, химиялық органикалық құрамы, жік-темесі, генезісі толық зерттеліп, бар-лық аудан, шаруашылықтар топырақ қартасымен қамтамасыз етілді. Бұның тек шаруашылыққа ғана емес, жол құрылысына, электр желісін жасаудан бастап мекеме жұмысына, жерасты байлығын игеруге айтарлықтай әсері болды.

Шаймағамбет Көшеновтің еңбек жолын шартты түрде үшке бөлуге болар еді. 1968-1985 жылдары «Қаз-гирозем» институтында инженер болып жүріп Сырдарияның сол жа-ғалауындағы және Түгіскен жер су-ландыру алаптарына топырақтық тексеру жүргізді. Қазір облыста ауыл-шаруашылық өнімін түзетін дерлік жоғарыда аталған жерді беріп отыр-ғанын ескерсек, бұл жемісті жылдар деп айтуға болады.

Екінші кезеге мекеменің аты өзгеріп, «Мемжергілонорталығы» Қызылорда еншілес мемлекеттік кә-сіпорны топырақтану бөлімінің қас-тығы болған уақытын жатқызуды бо-лады. Бұл қоғам өзгерген, өтпелі шақ, өлімдер мерзім 1985-2001 жылдарға тура келеді. Құрамында бірнеше ада-мы бар топпен «Арысқұм», «Қы-зылжия», «Майбұлақ», «Бектас», «Ащысай» мұнай-кен орындарын, «Құмкөл-Жосалы» мұнай құбырын, басқа да ірі жобалар бойынша тексеру жүргізіп, топырақ қорытындысын жа-сайды.

Ал үшінші кезең – 2001 жылдан өмірінің соңына дейін кәсіпорын ди-ректорының жедел жұмыстар бойын-ша орынбасары бола жүріп облыстағы құрылымдардың шаруашылық және ішкі шаруашылық жерге орналастыру жобасын әзірледі.

Өмір жолына қарап отырып Шай-мағамбет Көшеновті осынау ұлан-ғайыр жұмыстарды жасауға, өмір бойы тыным қормей, іздеу мен ізде-нуге қандай күш әсер етті деп ойлай-мын. Оның шешімі мүддесінің үлкен өрістілігінде жатқан сияқты. Жасынан жігерлі, ұйымдастыру қабілеті мол, еңбеккер әрі қарапайым азамат өзінің жеке басының қамынан мемлекеттік жайды жоғары қояды.

Өркеніетті қоғамда ең басты құндылық адам десек, оның қадір-қасиетінің қайнар көзін оның текті-лігінен, өскен ортасынан, өз бойынан іздеу керек. Кімнің де болса қоғам-дағы орны қадір-қасиетімен, еңбегінің құнымен өлшенеді.

Ал енді жасының жарына келейік. Сәлима Базарбайқызы 1946 жылдың желтоқсан айында Жалағаш кентімен іргелес Ақсу ауылында дүниеге кел-ген.

Жеңістен кейін келгендер дүниеге, Өртенге қайта шыққан гүл емес пе?! деп осы кісілерді айтса керек. Сәлиманың әкесі Ибрагимов Базар-бай соғыстың бүкіл ауырталығын көтеріп, Тағанрог қаласы үшін болған сұрапыл шайқаста ауыр жаракат алып, содан қос аяғы жанысзданып, елге қол арбамен келеді. Әйелі Тұраш азаматтың амандығына қуанып, оны ардақтай білді. Соғыс алдында дүниеге келген ұлы Төлендіге енді Сәлима, Алтынбек, Мәдина қосыл-ды. Еңбеккер да ақынжанды еке мү-гелекпін демеді, 26 жыл Жалағаш аудандық су мекемесінде жұмыс жа-сады. Базекен ақынжанды еді. Туған

жеріне, балалары – біздерге, асыл жа-ры анамызға арнап жазған өлеңдері әлі де сарымайдай сақтаулы. Ал төте жазумен жазылған дүниелері де шаш етекпен.

Сәлиманың мінезі әкесіне ұқса-ған еді. Шындықты бетке айтатын батылдығы, домбыра тартып, ән шыр-қайтын өнерпаздығы бала кезінен танылды. 1966 жылы Қызылорда қа-ласындағы Н.Гоголь атындағы пе-дагогикалық институттың шет тілі факультетіне оқуға түскенде білім, мамандық алумен қатар өнері де өсе түсті. Институт студенттерінің «Сыр сұлуы» ансамблінің құрамында Мәс-кеуден бастап Молдавия, Болгария, Корея, Иемен Араб республикасында қазақтың би өнерін әлемге танытты.

Сәлима Базарбайқызы ұстаздық еңбек жолын Қызылорда қаласындағы №198 орта мектепте ағылшын тілі пәнінен сабақ берумен бастады. 1971-1974 жылдары өзі оқыған педа-гогикалық институтта аға лаборант, 1974-1976 жылдары №10, №173 мек-тепте мұғалім, одан беріде төрт жыл қалалық білім беру бөлімінде әдіс-кер, 1980-1988 жылдары №9 балалар бақшасында меңгеруші болды. Сөз орайы келгенде айта кету керек, №9 балабақшаның материалдық-техника-лық базасы сын көтермейтін. Сәли-маның іскерлігі арқасында балабақша қаладағы еңбекпен түзеу колония-сына шедіт қамқорлыққа өткізілді. Балалардың ойын алаңайы, қоршау қабырғалары, жыл сайынғы жөндеу жұмыстарын түгелдей сол мекеме өз мойнына алды. Біреулерге болмашы болып көрінгенмен, сол кезде бұл екі мекеме екі түрлі министрлікке қарайтын. Солардың басшылығын кездестіріп, ортақ келісімге келтіру қалалық білім беру бөлімінің қолынан келмеген екен. Осы мәселені шешкен Сәлима сол кезде қалалық білім беру бөлімінің басшылығы қатты таңғалған екен. Сол таңланыс қазір меңде де бар. Кейін өзі №140 мектепке сұранып ба-рып, еңбек демалысына шыққанына дәріс берді. Бұл жерде де оның іс-керлік қабілеттері қажет болады. Ел-де нарықтық қатынастар басталып, жоғары басшылықтан әр мекеме өз күнін өзі көруі тиіс деген тапсырмалар түседі. Ер-азаматтары көп мекемелер қосалқы шаруашылықтар ашып, мал ұстап, көкөніс егуді қолға алады. Ал өмір бойы ұстаздықпен айналысқан мұғалімдердің осындай кәсіппен ай-налысуға ебі болмайтыны жасырын емес, оның үстіне сабақ кестесі, бала төрбіесі ешқашан кезек құттырмайды. Мектеп ұжымы бас қосқан жиналыс-та Сәлиманың бастамасымен мектеп ішінде тігін цехы ашылды. Цехты ашу, керекті материалдық базаны құ-ру, дайын өнімді шығарып сату Со-лима бастаған бірнеше мұғалімге жүк-теледі. Сол кездегі мектеп директоры Білманов Әділхан Шаймаханұлы.

– Ойырмай, Сәлима болмағанда жағдайымыз тіпті қиын екен ғой. Со-лиманың арқасында мектебіміздің абыройы артты дегені анама кезін-де берілген жоғарғы баға еді, – дейді бұл күнде Қорқыт ата атындағы Қы-зылорда мемлекеттік университеті-нің оқытушысы, экономика ғылым-дарының кандидаты, қызы Майра Шаймағамбетова. Аңнаның респуб-ликалық, аймақтық деңгейде алған «Құрмет грамоталары» мен «Алғыс хаттары» да толып жатыр.

Шаймағамбет Көшенұлы 2010 жылы 66 жасында, ал Сәлима Базар-байқызы 2020 жылы 74 жасында өмірден озды. Ауылы апамыз нағыз өзінің кемеліне келген шағында ду-ниеден өтті. Ол де бізге жана емес, ел-халқына берері бар еді. Десе де, Алланың жазмышына ешкімнің тала-сы жоқ.

Оның ұл-қыздары ата-анасына және осыдан 26 жыл бұрын өмір-ден озған бауыры Марат Шаймаға-мбетұлының рухына бағиштал еске алу шарсын өткізгені жатыр екен. Қабыл болсын!

Марат ОМАРОВ,

Сырдария ауданының құрметті азаматы

АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ – ЕЛ БАЙЛЫҒЫ САНАҚҚА ҚАТЫС, ҮЛЕС ҚОС!
СЕЛЬСКОЕ ХОЗЯЙСТВО – БОГАТСТВО СТРАНЫ ВНЕСИ ВЛАДА, УЧАСТВИЕ В ПЕРЕПИСИ

1 тамыз–20 қазан

Ауыл шаруашылығы санағы

1 августа–20 октября

Сельскохозяйственная перепись

1446

www.sanaq.gov.kz

АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ – ЕЛ БАЙЛЫҒЫ САНАҚҚА ҚАТЫС, ҮЛЕС ҚОС!
СЕЛЬСКОЕ ХОЗЯЙСТВО – БОГАТСТВО СТРАНЫ ВНЕСИ ВЛАДА, УЧАСТВИЕ В ПЕРЕПИСИ

1 тамыз–20 қазан

Ауыл шаруашылығы санағы

1 августа–20 октября

Сельскохозяйственная перепись

1446

www.sanaq.gov.kz

Жарнама. Жарнама. Жарнама

«Сыр бойы», «Қызылординские вести», «Ақмешіт апталығы», «Ақмешіт жастары» және аудандық басылымдарға жарнама орналастырғыңыз келсе: 70-00-52 телефоны арқылы байланысуға болады.

E-mail: smjarnama@mail.ru

«Қазақстан стоматологиялық қауымдастығы» қоғамдық бірлестігі (КСА) Сыр елінің білікті тіс дәрігері, біраз жыл стоматология саласын бас-қарған

Ысқаков Жәнісбек

Ысқақұлының


қайтыс болуына байланысты марқұм-ның отбасы мен туған-туыстарына қай-ғыларына ортақтасып, көңіл айтады.



Ілияс Қарақұлов 1943 жылдың сәуір айында Жалағаш аудандық әскери комиссариаты арқылы майданға аттанып, Солтүстік-Батыс майданында жеделдетілген саперлік курсты оқып бітірді. Қазан айынан II Прибалтика майданының құрамындағы №9 шабуылдаушы инженерлік-саперлік бригадасы №41 дербес шабуылдаушы батальонының сапында сапер болып қызмет атқарды.

Майдан даласында көрсеткен ерен ерлігі үшін сол жылдың қыркүйек айында «Жауынгерлік ерлігі үшін» медалімен марапатталды.

Бұл жөнінде оның командирі, капитан Наседкиннің өз қолымен толтырған марапаттау парағында былай деп баяндалған. «За время боевых действий батальона на реке Великая, в районе города Лаура и города Алукуне красноармеец И.Каракулов проявил себя как



стойкий и мужественный боец. Находясь в составе отделения, приданного противотанковой артиллерийской батарее, отважно тушил загоревшуюся при бомбежке автомашину со снарядами. При постройке командного пункта штаба фронта перевыполнил нормы в 3-4 раза. Достоин награждения медалью «За боевые заслуги...».

1944 жылдың қазан айында оң аяғы мен сол иығынан ауыр жаракаттанып, екі ай бойы Ленинград қаласындағы №2013 әскери-эвакуациялық госпитальда жатып ем қабылдады. 1945 жылдың қантар айынан Ленинград майданын-

да шайқасып жатқан генерал-майор И.Панфилов атындағы №8 гвардиялық атқыштар дивизиясының №23 гвардиялық атқыштар полкі құрамындағы №2 дербес саперлік батальонында сапер болып ұрыс қимылдарына қатысты. Сол жылдың қыс-көктем айларында Балтық бойында жаудың қоршауға түскен 350 мың кісілік Курляндия тобын талқандау операциясында көрсеткен ерлігі үшін III дәрежелі «Данк» орденімен марапатталды.

Марапаттау парағында бұл жайында «Тов. Каракулов И. служит в саперном батальоне с января 1945 г. За время своего

пребывания в батальоне показывал себя дисциплинированным и отважным бойцом-сапером. Так, во время февральских боев 1945 г. тов. Каракулов составе отделения, в районе хутора Музикас, проделал проходы в минных полях за передним краем нашей обороны и несмотря на сильный артиллерийский и минометный огонь противника боевое задание выполнил в срок и полностью.

В мартовских боях 1945 г. тов. Каракулов вместе с пехотой отражал контратаки противника и несмотря на то, что в течение 3-х суток не получал продуктов питания, показал об-

разцы выдержки и мужества, с одинаковой энергией выполнил поставленную боевую задачу. Достоин награды ордена Славы III-ей степени...» делінген.

Гвардия қызылскері Ілияс Қарақұлов майдан даласында ерекше ерлік көрсеткен жауынгерлерден іріктелген Ленинград майданының мың кісілік дербес полкінің құрамында 1945 жылдың 24 маусым күні Мәскеу қаласында өткен Жеңіс парадына қатысты.

1945 жылдың қазан айында елге оралған соң қамыс зауытындағы жұмысын одан әрі жалғастырып, «Жігер» колхозында, кейіннен «Коммунизм» совхозында жылқы бағып, 1970 жылы зейнетке шыққан.

Майдан даласында көрсеткен ерен ерлігі үшін ол III дәрежелі «Данк» орденімен, «Жауынгерлік ерлігі үшін» медалімен, соғыстан кейін I дәрежелі «Отан соғысы» орденімен және бірнеше мерекелік медальмен марапатталған. Соғыс және еңбек ардагері 1996 жылы М.Шаменов атындағы ауылда қайтыс болды.

Қанат ЖАПАҚОВ,
Жалағаш аудандық тарихи-өлкетану музейінің қызметкері



Бұл енді аңыз. Астарында шындық болуы да мүмкін. О жағын білмедік. Жұмбақ мекен Арал теңізінің орта тұсында орналасқан. Атауының өзінен адам шошиды. Ал олай қойылу себебін іздегіргенде ұлы жыландар мен қарақұрт, сарышаян сияқты қауіпті жәндіктердің көптігінен деген болжам айтылады. Ертеде балықшылар аралға шыққанда солардың шабуылына ұшырап, қаза тапқан жағдайлар жиі кездескенге ұқсайды. «Барсакелмес» аралы туралы тұңғыш жазбаның авторы орыс саяхатшысы Н.Рерих екен. Ол «Азияның жүрегі» атты шығармасында аралдың бұлай аталуын мұнда келген бірнеше қазақ отбасының қайтпай қалуымен байланыстырады. Аралға кейін барған басқа адамдар да із-түзсіз жоғалып кетіп отырған.

«Барсакелмес» аралын ғылыми түрде XIX ғасырдың 50-жылдары орыс географы Алексей Бутаков ашқан. Ал мемлекеттік табиғи қорықтың негізі 1929 жылы бағалы аң терісін өндіретін қорғалым ретінде қаланды. Қазақ ССР халық комиссарлар кеңесінің №973 шешімі бойынша 1939 жылы қорық статусы берілді. Теңіз деңгейі күрт төмендеп кеткесін, оның үстіне қорықтың шығыс бөлігі құрлықпен шектесетін болғандықтан, 2006 жылы оның аумағы бұрынғыдан 10 есе үлкейіп, 160 826 гектарға жетті. Қазіргі аумағы – 163126 гектар. «Барсакелмес», «Қасқақұлан» және «Дельта» кластерлік учаскелерінен тұрады. 1929-1970 жылдар аралығында құлан, қарақұйрық, акбөкен, қабан, қоян-толай, үй қояны, құм балпағы сияқты жеті түрлі жануарлы әкелді. Бәрі аралдың табиғи жағдайына жақсы бейімделіп, көбейе бастады. 1953 жылы Түркістанның Бадхыз қорығынан жүйрік құландарды әкеп жерсіндірді.

1-бет.

– Табиғи қорық флорасы 325 түрлі өсімдіктен құралған. 16-сы – эндемик. 5 түрі Қазақстанның «Қызыл кітабына» енген, олар – Борщов қызғалдағы, Пратов көкпегі, қосжарнақты қызғалдақ, қылқанжапырақты батпақгүл, отандық қамыс. Жануарлар әлемі де сан алуан. Омыртқасыздар түрі өте көп. Насекомдардың түрі 12 отрядтан 2 мыңға жуықтайды. «Қызыл кітап» тізіміне алынған Арал жіңішке құйрық инелігі мен әмірші инелік кездеседі. Жарыққа қызыл нүктелі кіреуке ұшып келеді. Басқа да түрлері табылуы мүмкін, олардың ішінде боливария қысқаканатты дөуізі, қонырқанатты және дала шегірткелері, нүктелі хан

қызы бар. Одан бөлек, өрмекші, жасыл құрбақа, көлбақа мекендейді. Бауырымен жорғалаушылар, құстар, сүтқоректілер, балықтар. Кейбірі Қазақстанның «Қызыл кітабына» енген, – деді «Барсакелмес» мемлекеттік табиғи қорығы РМҚ директоры Хамит Қаниев. Ғалымдар «Барсакелмес» флорасының бірегейлігін бірнеше аспектіге бөледі. Қорық шегінде өсімдіктер жамылғысының жусан, бұйырғын, қара сексеуіл және тағы басқа аймақтық типтері кең таралған. Оларды бүлінбеген өсімдіктердің эталоны деуге болады. Мамандар теңіз түбінде қалыптасқан флораның жаһандық манызы зор екенін, оны

зерттеу шекаралық флораның көші-қон ағымына әсер ететінін айтып отыр.

– Үсірттер мен төмендеген жазықтықтар бұрынғы аралдың негізгі аумағы саналады. Қорықтық режимнің ұзақ уақыт бойы қызмет етуінен, тұяқты жануарлардың, оның ішінде акбөкендердің, сарышұнақ сияқты кеміргіштердің саны бірнеше рет бұзылған. Бұл аймақтық кешендерде итсигендердің пайда болуына, жапырақсыз бұйырғын өсімдіктерінің нығаюына әкеп тіреді, – деді қорық басшысы.

«Барсакелмес» еліміздегі ерекше қорғалатын аумақтардың алдынгы қатарында. ЮНЕСКО-ның бүкіләлемдік биосфералық резерваттар жүйесі тізіміне енгізілген. Жаһандық масштабтағы экологиялық апат аймағында орналасқан әлемдегі жалғыз қорық. Мұнда Әр жылы көктем мен күзде жануарлар дүниесінің санағы жүргізіліп тұрады. Мекеменің жетістіктерінің бірі – өткен жылы ұйымдастырылған «Партер шеруі» табиғат қорғау акциясында II орын иеленуі.

Сөз соңында тағы бір қызық дерек. Аралда уақыттың әдеттегіден жылдам өтетіні де – тылсым құбылыстың бірі. Мысалы, 1930 жылы «Барсакелмеске» атанған топографиялық экспедиция мүшелері үш ай бойы хабар-ошарсыз кеткен. Бір тоқсаннан кейін ғана аман-есен оралған. Олар «арада осынша уақыт өтіп кеткенін білмедік» депті. Сондағы бар атқарған жұмысы аралдың адам аяғы баспаған аумағын қартаға түсіріп алу ғана болыпты.

Назерке САНИЗОВА,
«Сыр бойы»
Қызылорда-
Арал-Қызылорда
Фото авторы:
Д.Елисеєв



ЖҰМБАҚ МЕКЕННІҢ АҢ-ҚҰСТАР ӘЛЕМІ

/// ФУТБОЛ

«ҚАЙСАР» ЖЕҢІСТІ ЖОЛЫН ЖАЛҒАСТЫРДЫ

Қызылордалық «Қайсар» сырт алаңда «Атырауды» 2:1 есебімен жеңіп, турнир кестесіндегі жағдайын жақсартта түсті. Қазақстандық футболшылардан жасақталған команда осылайша легионерсіз нәтижеге қол жеткізу мүмкіндігі барын тағы бір мәрте дәлелдеп отыр. Олар өткен турда өз алаңында Түркістанның «Тұранын» (1:0) сүріндірген еді.



Рас, жерлестеріміз тоғыз тур бойы жеңіске жете алған жоқ. Төртеуінде тең түссе, бесеуінде қарсыласына есе жіберді. Десе де өз алаңында «Қайрат» және «Астанамен» тең түсуін жанкүйерлер жоғары бағалады. Енді команда өз ойын өрнегін тауып, үш ұпайға қол жеткізе бастады.

«Атырау» командасының биыл жолы болар емес. Қазірге дейін 12 кездесудің небәрі 1-інде жеңіске жетсе, 1-інде тең түсіп, қалғанында қарсыласының ығына жығылды. Сондықтан атыраулық футболшылар «Қайсармен» кездесуінде жанкүйерді қуантатын нәтижеге қол жеткізуге тырысатыны белгілі болатын.

Бірінші кезеңде командалар бір-бірінің қақпа маңында жиі шабуыл ұйымдастырды. Соған қарамастан таблодағы

есепке өзгеріс енген жоқ. Екінші кезеңнің 75-минутында «Қайсар» шабуылшысы Айбар Жақсылықовты атыраулық қорғаушылар айып алаңында шалып жықты. Төреші белгілеген пенальтиді Айбардың өзі мүлтіксіз орындады.

Ал 95-минутта «Атырау» ойыншысы Ринат Жұматов та-разы басын теңестірсе, 96-минутта қызылордалық клубтан Айбол Әбікен жеңіс голын соқты.

Бұл жеңістен кейін «Қайсар» турнир кестесінде 10 ұпаймен оныншы орынға көтерілді. Енді жерлестеріміз алдағы ойынын 31 мамырда өз алаңында Талдықорғанның «Жетісу» командасына қарсы өткізеді.

Димаш ТАЛҒАТУҰЛЫ,
студент

ҰСТАЗ АТЫНДАҒЫ ТУРНИР

Жақында С.Ысқақов атындағы Қызылорда бизнес және құрылыс колледжінде КСРО және Қазақ ССР Халық ағарту ісінің үздігі, кәсіптік білім саласы көшбасшыларының бірі Жұмабай Маханұлымен еске алуға арналған тоғызқұмалақтан облыстық турнир өтті. Оған Жұмабай Маханұлымен бірге еңбек еткен кәсіптік білім саласының ардагерлері, балалары мен туған-туыстары қатысты.

Колледж студенттері мен мектеп оқушылары арасында өткен турнирде 70-тен аса ойыншы бақ сынады. Ашылу салтанатында облыстық тоғызқұмалақ федерациясының вице-президенті Б.Елеусинов, облыстық білім саласы ардагерлер кеңесінің төрағасы Ғ.Бекенов, кәсіптік білім беру саласының ардагерлері, КСРО еңбек сіңірген жаттықтырушысы В.Пак, И.Жетербасев, Б.Қырғызбаева қатысып, ардагер-ұстаздың өмір жолынан естеліктер айтып, жас жеткіншектерге сәттілік тіледі.

Сайыс жоғары деңгейде ұйымдастырылып, әрбір партия тартысты өтті. Жасөспірім қыздар арасында I орынды Тереңөзектен келген Альфия Бабабек иемденсе, II орынды №6 мектеп оқушысы Айзере Қайсариева алды. Келесі жүлделі орын Фариза Мектепхан мен Сая Тұрлыбекке бұйырды.

Жасөспірім ұлдар арасында I орынды Әлинұр Ақшүкір, II

орынды Айсұлтан Русланұлы, III орынды Ерсен Ералиев пен Бақдәулет Қуанышбай олжалады. Ал 16 жасқа дейінгі қыздар арасында I орынды Әмина Мектепхан, II орынды Асель Токшылық, III орынды Кәусар Ертуған мен Әйгерім Шегебай жеңіп алды. 16 жасқа дейінгі ұлдар арасында I орынды Есенжан Ахметов, II орынды Аслан Ғалымұлы, III орынды Нұрмат Нұржанұлы мен Құлмұхаммед Қашқынбайға тиесілі болды. Колледж студенттері арасында I орынды Парасат Тұрғанбай, II орынды Ботагөз Кеңес, III орынды Таймас Мұрат пен Сара Назартаеваға бұйырды.

Сондай-ақ жасқы ойын өрнегін көрсеткен спортшылар «Үздік ойыншы» номинациясымен марапатталды. Облыстық турнирге демеушілік жасаған Жұмабай Маханұлының балалары жарыс жеңімпаздары мен жүлдегерлеріне сый-сияпат ұсынды.

«СБ» ақпарат

www.facebook.com/syrboyi.kz/

Меншік иесі
СЫР БҒА
МЕДИА

жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР
Марат АРАЛБАЕВ

қабылдау бөлмесі тел/факс: 8/7242/ 70-00-36, 40-11-10 (1002)

БАС РЕДАКТОР
Қуат ШАРАБИДИНОВ

қабылдау бөлмесі – тел: 8/7242/ 40-02-17, 40-11-10 (1007)

Бас редактордың орынбасары – 40-11-10 (1053)
Жауапты хатшы – 70-00-81 (1037)

Бөлімдер:

руханият және ақпарат – 40-11-10 (1039, 1040)
экономика – 40-11-10 (1038, 1033)
әлеумет және саясат – 40-11-10 (1034)
жарнама – 70-00-52, 40-11-10 (1058)
есеп-қисап – 70-00-39, 70-00-38
компьютер орталығы және корректорлар – 40-11-10 (1036, 1035)

<https://twitter.com/syrboyi>

Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газеті
ҚР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015)
«Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес КЗ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған. Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және қайтарылмайды. Жариялымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді.
«АҚ» - ақылы қызмет.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

www.instagram.com/syrboyi_kz

Газет аптасына 3 рет (сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері) шығады.

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген. Тіркеу куәлігі №12993-Г, 27.08.2012 ж.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылады. Тел.: 8/7242/ 40-06-68. Газеттің таралымы бойынша 8/7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.